


5-тарау.

Қаржыны басқару



Қаржыны басқару әдістері, олардың мәні мен қажеттілігі

Қаржы мен басқа экономикалық және әлеуметтік жүйелерге, оларды дамыту мен жетілдіру мақсатында, әсер ету процесі қаржыны басқару процесі болып табылады. Қаржыны басқаруды қалаулы нәтижеге жету мақсатында объектіге (қаржы ресурстарына) нысаналы әсер етудің әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы ретінде сипаттауға болады. Қаржы жүйесін басқару қаржы механизмі арқылы, оның тәсілдері, ынталандырулар мен ықпалшаралар көмегімен жүзеге асырылады. Қаржыны басқаруда объективті экономикалық заңдардың талаптары мен қаржы тетіктері: пайда, баға, несие және т.б. пайдаланылады.

Қаржы механизмінде қаржыны басқару экономикалық заңдардың нақты талаптарына негізделген.

Қаржыны басқару келесі принциптерге негізделеді:

- қаржы сұрақтарына саяси көзқарас;
- әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру басымдылығы;
- басқарудағы демократия мен плюрализм;
- басқарудың экономикалық және басқарушылық тәсілдерінің үйлесімділігі;
- басқарудағы ғылымилық пен ашықтық;
- басқарудың иерархиялық құрылымының үйлесімділігі;
- басқарушылық шешімдерді қабылдаудағы жауапкершілік пен атқарушылық.

Қаржыны басқару арнайы аппарат арқылы ерекше тәсілдер мен әдістер көмегімен, сонымен қатар эртүрлі ынталандырулар мен ықпалшараларды пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

Әрбір қаржы сферасында басқару жүйесіндегідей басқарудың объектісі мен субъектісі қатысады.

Қаржыны басқару органдары басқару субъектісі болып саналады, яғни осы басқаруды ұйымдастыратын және жүзеге асыратын ұйымдар: ҚР Парламенті, ҚР Қаржы министрлігі, Салық комитеті, Мемлекеттік кеден комитеті, кәсіпорындардың қаржы менеджменті.

Басқару объектісі – қаржы қатынастарының түрлері. Объектіге келесілерді жатқызуға болады:

- мемлекеттік бюджет пен бюджеттен тыс қорларды қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі қатынастар;
- мемлекеттік несие жөніндегі қатынастар;
- сақтандыру бойынша қатынастар;
- қаржы-несие қатынастары;
- кәсіпорындардың ақшалай қорларын қалыптастыру және пайдалану бойынша қатынастар;
- үй шаруашылығындағы қаржылық қатынастар.

Қаржы экономиканың «қан жүйесі» болғандықтан, қаржы ресурстарын, қаржылық қатынастар сфераларын, олардың кез келген нысандарын басқарусыз экономиканы дамыту мүмкін емес.

Қаржылық басқару жүйесі қаржы аппаратының көмегімен жүргізіледі, ал қаржылық аппарат дегеніміз қаржыны басқарумен айналысатын органдар мен ұйымдастырушылық құрылымдардың жиынтығы.

Барлық қаржылық аппарат қаржы қатынастарының топтастырылуына сәйкес келетін элементтерден тұрады.

Бірінші, бюджеттік сферадағы қаржы органдары – ҚР Қаржы министрлігі, салық қызметі және т.б. Кәсіпорындардың қаржы ресурстары негізінде мемлекеттік бюджет пен бюджеттен тыс қорлар осы сферада құрылады.

Екінші сфера – сақтандыру органдары жүйесі.

Үшінші сфера – несие мекемелері: Ұлттық банк пен коммерциялық банктер.

Төртінші сфера – салалар мен кәсіпорындардағы қаржы бөлімшелері.

Бесінші сфера – үй шаруашылығындағы өкілетті тұлғалар.

Қаржы аппараты келесілерді қамтиды:

мемлекеттің қаржы органдары;

кәсіпорындардың қаржы қызметтері;

сақтандыру органдары;

банк қызметтері.

Қаржыны басқару басқарудың технологиялық циклында орналасқан белгілі бірізділіктегі өзара байланысты функцияларды атқару процесі болып табылады. (2-сурет)



2-сурет. Қаржыны басқару сызбасы

Ескерту: автормен құрастырылған.

Қаржыны басқару сызбасын бірнеше кезеңге бөлуге болады:

қаржылық болжау;

• қаржылық жоспарлау;

• қаржыны ұйымдастыру (жедел басқару);

• қаржылық есепке алу;

• қаржылық бақылау;

• қаржылық талдау;

• қаржылық есептілік.

Болжау – бұл стратегиялық басқару, ұзақ мерзімді мақсаттарды, қаржы ресурстарын болашаққа анықтау; бұл қозғалыс бағыттары және жүру керек бағыттар.

Жоспарлау – қаржылардың ағымды жағдайын бағалау, қаржы ресурстарын ұлғайтудың мүмкіншілігін анықтау.

Қаржылық жоспарлаудың негізгі тапсырмаларына келесілер жатады:

• қаржы ресурстарының көлемі мен көздерін анықтау;

• ұтымды бөлу;

• өндірістік және өндірістік емес сфераларда қаржы ресурстарын тиімді пайдалануға ынталандыру;

• ақшалай қаражаттарды дамудың басым бағыттарында шоғырландыру.

Қаржылық жоспарлау объектісі болып шаруашылық субъектілері мен мемлекеттің қаржылық қызметі саналады, ал нәтижесі болып – жеке мекеме сметасынан мемлекеттің жиынтық қаржы балансына дейін қаржы жоспарын құрастыру табылады. Әрбір жоспарда белгілі мерзімге кірістер мен шығыстар, қаржы жүйесінің басқа элементтерімен байланыстары анықталады.

Жоспарлау қаржыны басқаруда орталық орынды алады. Ұйымдастыру басқарудың барлық тармақтарының нақтылығын, деңгейлесуін, қаржы аппаратының жоғарғы нәтижелелігін, басқару қызметкерлерінің жауапкершілігін, тәртіптілігін білдіреді. Жоспарлау барысында кез келген шаруашылық субъектісі өзінің қаржылық жағдайын жан-жақты бағалайды, қаржы ресурстарын ұлғайту мүмкіншіліктерін, оларды тиімді пайдалану бағыттарын анықтайды. Жоспарлау процесіндегі басқарушылық шешім бухгалтерлік, статистикалық және жедел есептілікке негізделетін қаржылық ақпаратты талдау негізінде қабылданады және ол ақпараттар толық және нақты болуы керек.

Жедел басқару (реттеу) – шығындардың ең төменгі көлемінде ең жоғарғы эффект алу мақсатында, қаржы ресурстарын қайта бөлу жолымен, қаржылық жағдайды жедел талдау негізінде жасалынған шаралар кешені; стратегиялық жоспар идеясын өмірге енгізу.

Ұйымдастыру – бұл қаржы ресурстарын, оларды тұтынушыларға бекіту және олармен уақтылы қамтамасыз ету; объектінің әрекет ету кезеңінде ресурстың болмай қалу жағдайында альтернативті ресурсты іздестіру. Жедел басқарудың негізгі мазмұны әлсіз жақтарды жою мен қайта пайда болған тапсырмаларды шешуде.

Қаржылық реттеу – жоспарлы тапсырмаларды шешу үшін қаржы ресурстарымен оңтайландыру.

Есепке алу – қаржы ресурстарының көлемін бөлу каналдары бойынша тіркеу, фактілерді анықтау.

Бақылау – бөлу бағыты бойынша қаржы ресурстарының нақты көлемін жоспарлы көлеммен салыстыру, ауытқу себебін анықтамай, ауытқуды анықтау. Бақылау қаржы ресурстарын пайдаланудың нақты нәтижелерін жоспармен салыстыруға, қаржы ресурстарының өсу резервтерін анықтауға, тиімді шаруашылық жүргізу жолдарын болжауға мүмкіндік береді. Қаржылық жоспарлардың орындалуына бақылау ақшалай қорларды қалыптастыру және пайдалану процесінде, шаруашылықтың барлық деңгейінде жоспарлау сатысында да, жедел басқару сатысында да жүзеге асырылады.

Талдау – қаржы ресурстарының нақты көлемінің жоспарлы көлемнен ауытқу себептерін анықтау және оларды бағалау.

Қаржылық шешімдерді қабылдауда қаржы жүйесінің барлық деңгейіне қызмет ететін, нақты және жоспарлы мәліметтерді, жылдық есепке түсіндірме жазбадағы талдау мәліметтерін қамтитын бухгалтерлік, статистикалық және жедел есептілік нысанындағы қаржылық ақпараттардың мәні зор.

Негізгі, алғы функциялар болып жоспарлау, жедел басқару және бақылау табылады.

Қаржыларды басқару екі аспектіде қарастырылады: біріншіден, мемлекет қаржыны экономиканы басқару құралы ретінде қолданады; екіншіден, қаржының өзі мемлекет тарапынан басқару объектісі болып табылады.

Бұл «қаржы» категориясының байлығын, оның объективті қажеттілігін көрсетеді. Күрделілігі бойынша қаржы зерттеудің іргелі объектісіне жатады, оны зерттеу барысында объективті экономикалық заңдар, мемлекеттің заңды шешімдерінің талаптары, экономикалық талдау нәтижелері үйлесетін ғылыми тәсіл қажет. Қаржыны басқару экономикалық және әкімшілік тәсілдерін үйлестіреді, арнайы қаржы қызметкерлерінің кәсіби деңгейі мен жауапкершілігіне тәуелді болады.

Қаржыны басқарудағы ғылыми тәсіл қаржы қатынасының әрбір сферасында жүйелі болуы керек. Қаржылық сипаттағы құқықтық заңда, қаржылық болжам мен жоспарда, қаулылар мен

басқалай құжаттарда рәсімделетін басқарушылық шешімдерді әзірлеу кезінде экономикалық және құқықтық заң талаптарын есепке алу, қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесін пайдалану, экономикалық және әкімшілік әдістерді, қаржы ресурстарын оңтайландыру әдістерін, қаржы нарығын қалыптастыру әдістерін ұтымды үйлестіру керек.

Экономика салаларының қаржыларын басқару қаржы басқармалары мен сәйкес министрлік пен ведомствалар бөлімдері арқылы жүргізіледі.

Кәсіпорындарда қаржыны басқаруды қаржы бөлімдері мен кәсіпорын қызметтері жүргізеді.

Мемлекеттік қаржы облысындағы басқару төмендегідей қарастырылуы мүмкін:

- мемлекеттік органдардың мемлекеттің қаржылық қызмет объектісі ретінде қатысатын тұлғалар әрекетіне ұйымдастырушылық әсері;
- мемлекеттің меншігіндегі ақшалай қаражаттарды иелену, яғни оларды бөлу мен пайдалануды ұйымдастыру (жеке қаржылар тек қана қаржылық құқық сферасына қатысты емес реттеуге ұшырайды);
- мемлекеттің қаржылық қызметін, оның атынан немесе өз атынан, бірақ құқықтық акт негізінде мемлекеттің тапсырмасы бойынша жүзеге асыратын органдар жүйесі.

Мемлекеттік қаржыны басқару оның қаржылық қызмет нысанында жүзеге асырылады.

Мемлекеттің қаржылық қызметі – бұл мемлекеттің ақшалай қаражаттарды (қаржылық ресурстарды) әлеуметтік-экономикалық даму тапсырмаларын жүзеге асыру, қорғаныс қабілеті мен ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жоспарлы құру, бөлу және пайдалану бойынша қызметтерін жүзеге асыруы.

Мемлекеттің қаржылық қызметінің мазмұны мемлекеттік ақшалай қорларды құру, бөлу және пайдалану сферасында функцияларының көптігі мен әртүрлігімен сипатталады. Функциялардың көптігі қаржы жүйесінің көп буындылығына, оның элементтерінің ерекшеліктеріне негізделген. Осыған байланысты мемлекет ақшалай қорлардың әртүрлі түрлерін құру, бөлу

және пайдалану бойынша қызметтерді жүзеге асырады, ол қорлар - бюджет және несиелі ресурстары, сақтандыру ақша қорлары, халық шаруашылығы салалары және мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы қаражаттары.

Мемлекеттің қаржы саясаты қоғамды басқару механизмінің қажетті элементі ретінде қызмет етеді. Бұл мемлекеттің ақшалай қаражаттарды басымдықтарды, ішкі және сыртқы жағдайларды есепке ала отырып экономика салаларына, әлеуметтік сфераға шоғырландыру бағытынан көрінеді.

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық процестерге әсер етуі тек қана тікелей қаржылық қолдау нысанында ғана емес, жанама түрде салық жеңілдіктері, пайызсыз несиелер, салықтық шегерімдер және т.б. арқылы жүргізіледі. Мемлекеттің қаржылық қызметінің ерекшелігі оның сала аралық мазмұнында, өйткені қаржы ресурстарын жұмылдыру, бөлу барлық салалар мен мемлекеттік басқарудың барлық сфераларына қатысты. Сонымен қатар бюджеттік қаражаттарды салалар арасында бөлу өкілетті органдармен жүргізіледі, ал салалар ішінде – атқарушы билік органдарымен жүргізіледі. Мемлекеттің қаржылық қызмет сферасы республикалық та, жергілікті басқару органдарына да қатысты болады.

Мемлекеттің қаржы қызметі ақшаны табу мен оны бөлу жолымен жұмсау процестерін көрсетеді. Ол нақтылы әдістермен іске асады. Бұл мемлекеттің қаржы жүйесінің құрамына енетін ақшалай қорларды қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру жүзеге асырылатын әдістер мен тәсілдер.

Оларға төмендегілер жатады:

1. Ақшалай қорларды құрастыру әдісі:

- ақшалай қаражаттарды ықтиярсыз және қайтарымсыз алып қою, яғни мемлекет иелерден ақшаны алады және оларды жеке меншіктен мемлекеттік баламасызға айналдырады;
- ақшалай қаражаттарды ықтиярсыз-қайтарымды алып қою, мұнда мемлекет ақшаны соңынан заем нысанында қайтару шартымен ықтиярсыз алып қояды (мысалы, мемлекеттік мекемелерде жалақы есебінен облигацияларды күштеп бөлу, екінші деңгейлі коммерциялық банктердің міндетті


резервтерін ҚР ҰБ орналастыру, жеке зейнетақы қорлары мен жеке сақтандыру компанияларының қаражаттарын тек мемлекеттік бағалы қағаздарға салу);

- ақшалай қаражаттарды қайырымдылық немесе сыйлау нысанында ерікті-қайтарусыз тарту, бұл әсіресе соғыс жылдары халықтың патриотизмі мен азаматтық белсенділігі негізінде жүргізіледі;
 - ақшалай қаражаттарды бағалы қағаз нарығын, оның ішінде халықаралық несиені пайдалана отырып ерікті заем нысанында ерікті- қайтарымды түрде тарту;
 - ақшаны мемлекеттік баж және алым түрінде, мемлекеттік қызметті іске асыру нысанында тарту (бұл жағдайда мемлекеттік қызметтер сатып алынады);
 - мемлекеттік мүлікті өткізу немесе пайдаланудан алынған ақшаны мемлекет кірісіне айналдыру, мұнда мемлекеттік мүлік жеке қолға сатылады немесе жалға беріледі;
 - эмиссия, яғни айналымға ақша белгілерін шығару; несиелі типіндегі эмиссия мүмкін, бұл жағдайда ақша басылып шығарылмайды, Ұлттық банктен қарызға алады және үкіметтің есеп шотындағы жазба нысанында көрініс табады.
2. Қорларды бөлу әдістері:
- қаржыландыру, яғни шығыстар нормасы бойынша есептелген смета негізінде ақшалай қаражаттарды қайтарымсыз беру (тапшылықты толықтыру үшін ақша бөлу дотация, ал нысаналы сипаттағысы субсидия деп аталады);
 - өтемді болуы мүмкін несиелеу, яғни пайыз төлеумен және өтемсіз- пайызсыз; сонымен қатар мемлекеттік ұйымдар мемлекеттен қаржыландыру және несиелеу жолымен, ал мемлекеттік емес ұйымдар жеңілдетілген шартпен несиелеу жолымен мемлекеттен қаражат алады;
 - мемлекеттің өз міндеттерімен орындауы, мысалы сыртқы және ішкі қарыздарды өтеу.
3. Ақшалай қорларды пайдалануды ұйымдастыру әдістері:
- ақшалай қорлардың тағайындалуын белгілеу;
 - қаражаттарды пайдалану тәртібін белгілеу;

- мемлекеттік мекемелердің пайдасын бөлу тәртібі мен нормативін белгілеу;
- ақшалай қаражаттарды бөлудің қаржылық нормативтері мен лимиттерін белгілеу;
- ақшалай қорларды пайдалануды жоспарлау;
- ақшалай қорларды пайдалануға бақылау жасау.

Мемлекет иелігіне ақшалай қаражаттардың түсуі заңды тұлғалардан нақтысыз есеп айырысу нысанында, ал жеке тұлғалардан нақтылы есеп айырысу нысанында іске асырылады. Сыртқы экономикалық, ғылыми, мәдени және басқалай байланыстарды іске асыруда халықаралық есеп айырысулар мен валюталық операциялар пайдаланылады.

Мемлекеттің қаржылық қызмет әдістері серпінді болады.



ҚР қаржыны басқару органдары, олардың функциялары, мақсаттары мен тапсырмалары

Мемлекеттік қаржы облысындағы басқару қаржы құқығының, қаржы органдары жүйесін анықтайтын және олардың өкілеттілігін белгілейтін, жалпы бөлімінің институтын сипаттайды.

Басқару стратегиялық (ұзақ мерзімді), ағымды (орта мерзімді), жедел (қысқа мерзімді) болып бөлінеді.

Қаржыны стратегиялық басқару ҚР Конституциясымен мемлекеттік билік пен басқарудың жоғарғы органдары болып табылатын парламентке, президент аппаратына, үкіметке, қаржы министрлігіне жүктелген.

Мемлекеттік қаржы облысындағы басқару органдары жүйесіне келесілер жатады:

- мемлекеттік биліктің жоғарғы органы;
- президент;
- мемлекеттің жоғарғы және заңды органдары;
- парламент;
- маслихаттар;
- мемлекеттің атқарушы органдары;

- үкімет;
- министрліктер мен ведомстволар;
- әкімдер;
- мамандандырылған қаржы органдары;
- Қаржы министрлігі;
- Ұлттық Банк.

Енді басқарудың аталған органдарының құзіретін қарастырайық.

Президент өз аппараты жүзеге асыратын қаржыны басқару өкілеттілігіне ие. Мемлекет басшысы жыл сайын халыққа жолдау жолдайды, онда елдегі жағдайды бағалайды, республиканың ішкі және сыртқы саясаттарының негізгі бағыттарын белгілейді; елдің әлеуметтік дамуының стратегиялық сұрақтары бойынша жарлықтар мен нұсқаулар шығарады; парламент пен үкімет актілеріне қол қояды; халықаралық келіссөздер мен халықаралық келісім шарттарға қол қою кезінде ақша-несие және валюта қаржылық қатынастарды реттейді.

Үкіметтің жоғарғы заңды органы – парламент. Парламент құзіретіне қаржылық мәселелерін шешу енеді. Парламент заңды актілер - ҚР Заңын талқылау мен ары қарай дауысқа салу бойынша заңды бастама құқығына ие. Парламент салық салуға, алымдар мен басқалай міндетті төлемдерді бекітуге, республикалық бюджетке және т.б. қатысты негіз қалаушы принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдарды шығарады.

Парламенттің жұмысшы органы болып сенат пен мәжілістің тұрақты комитеттері – экономика, қаржы, бюджет бойынша тұрақты негізде жұмыс істейтін комитеттер табылады.

Парламент келесі функцияларды орындайды:

– Қаржы министрлігі әзірлеген және министрлер кабинеті мақұлдаған мемлекеттік республикалық бюджет жобасын қарастырады; оны бюджеттік жіктеменің әрбір бабын нақтылаған соң бекітеді, атқару үшін оны «Республикалық бюджет туралы» (кезекті жылға) Заң нысанында жариялайды;

– Салық кодексінің жобасын қарастырады, оны жекелеген бөлімдері мен баптарын бөлшекті қарастырғаннан кейін кезекті

жылға «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заң ретінде бекітеді, оны жүзеге асыру үшін жариялайды;

– республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті бекітеді;

– мемлекеттік қарыздың шекті мөлшерін белгілейді және мемлекеттік зайымдар туралы сұрақтарды шешеді.

Облыстық маслихаттар облыстың қаржы басқармасымен жасалынған және облыс әкімшілігімен мақұлданған жергілікті бюджет (облыстық) жобасын қарастырады; оны бекітеді және оны кезекті жылға «Облыстық бюджет туралы шешім» нысанында жариялайды; облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есепті бекітеді. Облыс бюджеті қалалар мен аудандар бюджетін қамтиды.

Үкімет (министрлер кабинеті):

- парламентке республикалық бюджет жобасы мен оның атқарылуы туралы есепті жасайды және ұсынады;
- бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;
- мемлекеттік кірістерді қысқарту немесе мемлекеттік шығындарды ұлғайту бойынша заңдар жобасына қорытынды береді;
- мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық немесе ғылыми-техникалық бағдарламаларды жасайды;
- әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары мен елдің қаржы жүйесін нығайту бойынша шараларды жасайды;
- мемлекеттік қаржылық, валюталық және материалдық ресурстарын кұруда заңдылықтың сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді.

ҚР министрліктері мен ведомстволар:

- өздеріне бағынышты мекемелердің қаржылық қызметін ұйымдастырады;
- кәсіпорындар алған пайданың пайдалану нормативтерін белгілейді;
- орталықтан бөлінген бюджеттік ассинациялар мен несие ресурстарының лимиттерін бөледі;
- бағынышты субъектілердің мемлекеттік ақшалай қаражаттарды заңды және тиімді пайдалануына бақылауды жүргізеді;

Жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджет жобаларын жасайды, оны әкім арқылы мәслихатқа бекітуге ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді.

Қаржыны басқаруды жүзеге асыратын маңызды атқарушы орган болып Қаржы министрлігі және оның жергілікті органдары (облыстық қаржы басқармалары) табылады.

Қаржы министрлігіне қаржыны стратегиялық және жедел басқаруды жүргізу; экономика салаларын қаржыландыру облысындағы әдістемелік басшылық; экономика мен қаржыны микро және макро деңгейде зеттеу мен талдау; үнемдеу мен өндірістік-шаруашылық қызметті жетілдіруді қамтамасыз ету; мемлекеттің қаржы саясатын қоғамдық өндірістің тиімділігін көтеру, елдегі жинақтарды ұлғайту және ұлттық кірісті өсіру мақсатында қаржыны белсенді пайдалану негізінде жүргізу; нормативті қаржылық заңдар жобасын жасау; шаруашылық субъектілер мен қаржылық қатынастар нысандарын жетілдіру; елдің қаржы, салық, бюджет саясаттарын әзірлеу; бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерін болжау мен жоспарлау; мемлекеттің қаржылық ресурстарын бөлу; қаржы ресурстарын ұлғайту, қажетті мемлекеттік қаржы қорын құру бойынша резервтерді анықтау; сыртқы және ішкі қарыздар бойынша қаржылық қаражаттардың түсімі мен пайдалануын теңестіру; мемлекеттік қаржы пәнін сақтауға қаржылық бақылау жүргізу; елде бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесін реттеу жүктеледі.

Қаржы министрлігі келесі қызметтерді жүзеге асырады:

- бірыңғай мемлекеттік қаржы саясатының стратегиялық бағыттарын; бюджеттік саясатты елдің салық және ақшанесие саясатымен өзара байланыста жасайды және жүзеге асырады;
- мемлекеттің салық саясатын әзірлеу мен іске асыруға, оны жетілдіруге қатысады;
- республикалық және жергілікті бюджеттерді жоспарлау мен атқару, бухгалтерлік есеп, есептілік пен аудит, бюджеттік шығындарды бюджеттік бағдарламалау тәсілдері мен функционалды талдау әдісімен ендіру бойынша әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

- бюджеттің жобасын министрлер кабинеті мен парламент мәжілісі бекіту үшін құрастырады, оны бекіткеннен кейін орындайды, орындалуы туралы есепті құрастырады;
- мемлекеттік қаржының тұрақтылығы мен оның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, қаржы нарығын дамыту бойынша шараларды іске асыруға әсер етуін қамтамасыз етеді;
- елдің қаржы ресурстарын республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарына шоғырландырады;
- елге шетелдік несиелерді тарту бойынша ұсыныстарды жасайды;
- бюджеттік жоспарлау, қаржыландыру, есеп беру әдістерін жетілдіреді;
- бюджеттік қаражаттар мен бюджеттен тыс қорлардың қаражаттарын ұтымды және нысаналы жұмсауға қаржылық бақылауды іске асырады;
- ел экономикасының даму бағдарламаларына қатысады;
- орталықтандырылған мемлекеттік қаражаттарға қажеттілікті есептейді;
- елдегі баға саясатын анықтауға қатысады;
- елде сақтандыру қызметін жетілдіруге қатысады;
- мемлекеттік сыртқы және ішкі зайымдарды шығаруға, олар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге қатысады;
- қаржы нарығын қалыптастыру мен дамыту бойынша ұсыныстар жасайды;
- халықаралық қаржы ұйымдары мен серіктестікті іске асырады;
- парламент мәжілісіне шетелдік мемлекеттер мен қаржы қатынастарын реттеу сұрақтары бойынша ұсыныс енгізеді;
- мемлекеттік бюджеттің атқарылуы бойынша республикалық және жергілікті қаржы органдарына басшылық жасайды;
- әртүрлі актілер арқылы қаржылық сұрақтар бойынша экономикалық субъектілердің қызметін регламенттейді;

- шаруашылық субъектілерінің қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасайды;
- елдегі қаржы есептілігіне әдістемелік қамтамасыздықты жасайды;
- қызмет сфераларын қаржыландырады;
- қазынашылық жүйесін ақпараттандырудың бірыңғай саясатын жүргізуді ұйымдастырады;
- республикалық және жергілікті бюджеттер үшін бірыңғай бюджеттік жіктемесін, қаржылық есептіліктің бірыңғай нұсқасын жасайды және бекітеді;
- республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуының талдауын іске асырады;
- жергілікті бюджеттерді әзірлеу мен атқарылуына бақылауды іске асырады және олардың есебін жүргізеді.

Қаржы министрлігі төмендегілерге құқылы:

- нормативті актілер шығаруға;
- мемлекеттік органдар мен басқалай тұлғалардан ақпараттарды сұрауға және алуға;
- қаржыландыруды қайтаруға және тоқтатуға;
- жергілікті органдардан бюджеттің атқарылуы туралы есептерді алуға.

Қаржы министрлігінің маңызды басқармалары болып бюджет жобасын жасайтын бюджет басқармасы, өнеркәсіп салалары бойынша басқарма, шетелдік несие мен сыртқы қарыз басқармасы, салық реформалары басқармасы, мемлекеттік бағалы қағаздар мен қаржы нарығы басқармасы, бақылау тексеру басқармасы, өндірістік емес сфера басқармасы, валюталық реттеу басқармасы, бухгалтерлік есеп және есептілік басқармасы және т.б. қамтитын басқармалар табылады.

Қаржы министрлігінің маңызды бөлімдері болып бюджеттің қасалық атқаруына жауап беретін қазынаның басты басқармасы; Салық комитеті; қаржылық бақылау комитеті табылады.

Биліктің жергілікті органдар деңгейінде сәйкес деңгейлердің (облыс, қала, аудан, село) қаржы басқармалары құрылады. Жергілікті қаржы органдары қаржы саясаты мен әдістемесі сұрақтары бойынша жоғарғы деңгейдегі қаржы органы мен аймақтық қаржы саясаты бойынша жергілікті әкімшілікке бағынады.

Бюджет басқармасы сәйкес бөлімдер құрамындағы бюджетті қалыптастыру және атқару басқармасы мен статистика және мемлекеттік қаржы бөлімін, аумақтық бюджет басқармасын, материалдық өндіріс, агроөнеркәсіп кешені мен табиғатты қорғау, мемлекеттік органдар мен қорғаныс кешені, білім беру, ғылым мен мәдениет бөлімдерін қамтиды. Бюджет басқармасы республикалық және жергілікті бюджеттерді әзірлеуді ұйымдастырады, бюджеттік процесс нысандары мен әдістерін жетілдіреді, тиімділігін көтеру үшін бюджеттік қаржыландыруды талдауды, бюджет бойынша есептілікті жүргізеді.

Қазынашылықтың ұйымдастырушылық құрылымы Қаржы министрлігінің құрамындағы қазынашылық басқармасы мен облыстар бойынша оған бағынышты аумақтық бөлімдерден тұрады. Қазынашылық басқармасы республикалық бюджетті атқару, бухгалтерлік есеп және есептілік, мемлекеттік қарыз, несиелеу, ақпараттандыру, бюджеттің кассалық атқарылуын бақылау, бюджеттік есеп әдістемесі және т.б. бөлімдерді қамтиды.

Қазынашылыққа бюджетте тұратын барлық мекемелер мен ұйымдар үшін міндетті әдістемелер мен қаржылық процедураларды жасау; мемлекеттік меншіктегі активтер есебін жүргізу функциялары жүктелген. Қазынашылыққа мемлекеттік қаржыны пайдаланылатын мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттік банктердің қаржылық-бухгалтерлік қызметтерін тексеру құқығы берілген.

Қаржылық бақылау комитеті бақылау сферасында ұйымдастыру-әдістемелік және талдамалық жұмысты іске асырады. Оның органдары экономиканың барлық салалары мен ұйымдарына, әлеуметтік сфера мен халықты қорғау ұйымдары мен мекемелеріне, қорғаныс пен тәртіпті қорғау кәсіпорындары мен ұйымдарының басқару органдарына тексеру жүргізеді. Олар сонымен қатар, несие және валюталық ресурстардың пайдаланылуын, бағалы қағаздар бойынша заңның орындалуын бақылайды.

Сыртқы қарыз бойынша комитет сыртқы көмек ретінде алынатын қаражаттар түсімі мен пайдалануын үйлестіреді, қаржы сараптамасын жүргізеді, жобалар мониторингін, тауарлар сатып алу мен төлемдерді жүргізеді. Заемдар мен оларды іске асыру бойынша

ұсыныстар жасайды, ел экономикасына тікелей инвестицияларды тартуға ықпал етеді, капиталдар нарығын талдайды және оны белсенді етуге әсер етеді.

Қаржы Министрлігі жүйесінде облыстық, қалалық, аудандық қаржы басқармалары мен бөлімдерін қамтитын жергілікті қаржы органдар аппараты көп. Олар қызмет процесінде қаржыны жедел басқаруды жүргізеді, яғни жергілікті бюджетті болжаумен, жоғарымен, құрумен және атқарумен айналысады, шаруашылық ішіндегі резервтерді анықтау және халық шаруашылығы мен әлеуметтік-мәдени сфераның барлық тармақтарында ресурстарды үнемдеу жолын қарастыруды, шаруашылық органдарының қаржылық қызметін қаржыландыру мен бақылауды іске асырады.

Қаржы органдары екі жақты бағыныштылықта болады: Қаржы министрлігінің жоғарғы деңгейдегі қаржы органына және жергілікті әкімшілікке.

Республикалық бағыттағы қаланың қалалық қаржы басқармасының құрылымы басшылықты, мамандар бөлімін, ағарту және мәдениет мекемелерін қаржыландыру бөлімін, жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша бөлімді және т.б. қамтиды.

Бюджеттік бөлімнің, бюджет бойынша инспекцияның негізгі тапсырмаларына қала, аудан бюджеттерін құру, шаруашылықта ішкі ресурстарды анықтау мен жұмылдыру және үнемдеу режимін сақтау бойынша қала, аудан бюджетінің орындалу барысына бақылау жүргізуді ұйымдастыру жатады.

Облыстық, қалалық қаржы басқармаларының және аудандық қаржы бөлімдерінің кіріс түсімдерін болжау мен экономикалық талдау бөлімдері мемлекеттік бюджетке салықтар мен кірістердің жылдық түсімін болжау мен осы кірістердің түсуін қамтамасыз ету бойынша шараларды іске асырады, мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің атқарылуы туралы есептерді құрастырады.

Қаржы жүйесі аппараты өз қызметін ҚР Конституциясына, әрекеттегі заңдарға, республика үкіметінің өкімдеріне, жергілікті әкімшілік шешімдеріне, Қаржы министрлігінің нұсқаулық пен нұсқауларына сәйкес жүргізеді. Мемлекеттің қаржы органдары жүйесінде маңызды орынды Қаржы министрлігінің бөлімшесі болып табылатын және жергілікті жерлерде органдары бар Салық комитеті табылады.

Оның функциялары келесідей:

- бюджетке төленетін салықтарды есептеуге, олардың толықтығына және уақтылылығына бақылау;
- салық заңнамасының сақталуына бақылау;
- заңды және жеке тұлға – салық төлеушілерді тіркеу;
- қазынашылыққа салық есептілігінде нақты төленген деп сипатталған салықтар сомасы туралы мәліметтерді ұсыну;
- жерлерде камеральды және инспекциялы тексерулер жүргізу;
- субъектілердің кірістерді жасыру және көлеңкелі экономикалық қызметі туралы фактілерін анықтау;
- асыра төлеу жағдайында салықтарды қайтаруды жүзеге асыру;
- кәсіпорындар салық төлемеген жағдайлар туралы қаржы Министрлігін хабардар ету;
- салық бойынша қарыз тұлғалар ісін қаржы полициясына беру;
- салық заңдылығы мен салықтық есептілікті жетілдіру;
- басқа елдердің салық органдарымен салықтық түсімдер, салықтық құқық бұзушылық сұрақтары бойынша өзара байланыс.

Салық комитеті мен қаржы полициясының қызметі тығыз байланысты, соңғысының атқаратын функциялары төмендегідей:

- салықтық қылмыстардың алдын-алу, анықтау, жолын кесу;
- жедел іздестіру жұмыстарын жүргізу;
- салық заңдылығының сақталуына бақылауды іске асыру;
- салық инспекциясы жұмысшыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның қызметкерлерін қорғау;
- салық органдарындағы жемқорлықтың алдын алу;
- салық инспекциясынан істі одан әрі тергеу амалдарын жүргізу үшін қабылдау;
- борышкерлер мүлкіне, есеп және валюта шоттарына тыйым салу;
- жерлерде тексеру жүргізу;
- қылмыстық іс ашу, істі сотқа өткізу;
- экономикалық қылмыспен күрес облысында мемлекеттік саясатты жасау мен іске асыруға қатысу.

Қаржы полициясының іс-әрекеті салық салу облысындағы құқық бұзушылық пен қылмыстар санын төмендетуге және салықтарды жинауды көтеруге бағытталған.

Сонымен қатар, мемлекеттік кеден комитеті де бірқатар функцияларды атқарады:

- кеден органдары арқылы алынатын салықтар бойынша салықтық тексерулерді жүзеге асырады;
- егер де салық немесе кеден заңдылықтары бұзылса, есеп айырысу шотындағы қозғалысты тоқтатады;
- кеден заңдылығын бұзғаны үшін айыппұлдар алады;
- шекарадан өтетін тауарлар бойынша кеден заңдылығының сақталуына, кедендік бажды есептеу мен төлеудің дұрыстығына бақылау жасайды;
- кеден ісін ұйымдастырады және жетілдіреді;
- тауардың кедендік құнын анықтауға бақылау жасайды, кедендік баж мөлшері туралы ұсыныс енгізеді, валюталық бақылауды іске асырады.

Мемлекеттің қаржы органдары қатарына Ұлттық банк жатады. Ол өз функциясын келесі жолдармен жүзеге асырады:

- құқықтық актілерді шығару, мысалы, ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру тәртібі, есеп айырысу нысандары бойынша өкімдер; нормативтерді белгілеу, банктер мен олардың филиалдарын ашуға рұхсаттар;
- екінші деңгейлі банк қызметтеріне қадағалау;
- акцияны ықтиярсыз сатып алу, банк заңдылығын сақтамағаны үшін жауапкершілікке тарту.

Жоғарыда аталған функциялар қаржылық құқыққа жатпайды.

Ұлттық банктің қаржы құқығымен қарастырылатын қаржылық функцияларына келесі функциялар жатады:

- ақша жүйесін ұйымдастыру облысында;
- ақша белгілерінің эмиссиясы, айналыстағы ақша массасын реттеу;
- валюталық реттеу мен валюталық бақылауды іске асыру;
- несие операцияларының жекелеген түрлерінің деңгейі мен көлеміне шектеулерді енгізу.

Мемлекеттік несие облысында:

- мемлекеттік қарызға қызмет көрсетуге қатысу;
- мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы, олардың айналысын реттеу;
- мемлекеттік банк ретінде;
- үкіметтің банкі есебінен қатысу;
- коммерциялық банктерге несие беру.

ҚР Ұлттық банкінің ақшалай қорлары мемлекеттік меншік құрамына енеді.

ҚР Ұлттық банк мекемесі жүйесі ақша-несие саясатын қалыптастырады; бюджеттің кассалық атқарылуына, несие мекемелерінің қызметіне қадағалауды, бақылауды, ұлттық валюта бағасын тұрақтандыру мен инфляцияның төменгі деңгейін ұстап тұру үшін реттеуді іске асырады.

Нарқтық инфрақұрылым элементі ретінде ҰБ мекемелері жүйесі елдегі ақша массасының көлемін ақша айналысының жылдамдығын есепке ала отырып, жылдық жиынтық қоғамдық өнім құнына тең деңгейде қалыптастыру мақсатында ақшамен жұмыс жасауға арналған.

Ұлттық банк тапсырмасы – үйлесімсіздікті дер кезінде анықтау және елдегі ақша массасының көлемі мен осы жылы өткізілетін тауарлар мен қызметтер құнын ақша массасын ұлғайта немесе азайта отырып, міндетті резервтерді, есеп ставкасын өзгерту тәсілін, мемлекеттік бағалы қағаздарды өткізуді пайдалана отырып сәйкестікке әкелу.

Нарықтық механизмдер кәсіпорындардың қаржы ресурстарын тиімді басқаруды талап етеді. Бұл қаржы менеджментінің функциялары, олар:


- кәсіпорын қызметінің қаржылық көрсеткіштерін жоспарлау және болжау: өндіріс және өнімді өткізу, пайда, тиімділік көлемі, фирма капиталының құрылымы, меншікті және қарыз капиталының, негізгі және айналым капиталының қатынасы, жалақы қоры, жөндеу қоры мен қаржылық жоспарлардың орындалуы;
- өткізу мен тұрақты шығындар көлемінің өсуінің оңтайлы қарқынын анықтау;

- жаңа техника мен технологияны ҒЗЖ мен сынақ конструкторлық жұмыстарды ендіруді жоспарлау;
- өткізуден түскен түсімдерді қорларға бөлу;
- кассадағы нақта ақшаны басқару, кассалық операциялардың атқарылуына бақылау;
- үлесті күрделі салымдарды, өтем мерзімін, келтірілген шығындарды есептеу негізінде өндірісті кеңейтуге ірі қаражаттарды инвестициялау процесінде мақсатты шешімдерді қабылдау;
- кәсіпорынның қызмет көрсеткіштерімен: кәсіпорынның акциясының бағамы мен алынатын пайда шамасы мен жаңа инвестициялардың байланысын белгілеу;
- тартылатын қаражаттар, оларды тарту тәсілі туралы, инвестициялау құрылымы мен тәсілі – банк несие есебінен немесе акция мен облигация шығару туралы шешім қабылдау;
- кәсіпорынның қаржылық қызметін басқа қызметтер қызметімен келісу;
- қаржы нарығында операцияларды жүргізу, алынатын және сатылатын бағалы қағаздар түрлерін, несие түрлерін анықтайды, банктерді таңдайды;
- заем қаражаттарын беруге несие келісімдерін жасау;
- төленетін пайыздар немесе дивидендтер мөлшерін анықтау;
- өндірістің даму бағытын анықтау;
- кәсіпорындарда есеп-төлем пәніне бақылау;
- қаржылық есептілік құжаттарын құрастыру.

Орталықсыздандырылған қаржы экономика салалары мен кәсіпорындардың қаржы қызметтері арқылы қалыптасады және жүзеге асады.

Кәсіпорындарда қаржы менеджерлері келесі әдістерді пайдаланады: болжау; жоспарлау; салық салу; несиелеу; негізгі қорлар мен материалдық емес активтердің амортизациясы; есептеулердің жүйесі.

Президент, парламент мәжілісі, министрлер кабинеті қаржыны стратегиялық деңгейде, Қаржы министрлігі жедел деңгейде басқарады.



Қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесі

Индустриядан кейінгі қоғам басқаудың автоматтандырылған жүйелерімен ерекшеленеді. Басқарудың әрбір жүйесі функционалдық тапсырмалар тізімі мен қамтамасыз етудің бірқатар түрлеріне ие: техникалық, математикалық, ақпараттық, бағдарламалық, әдістемелік, құқықтық, ұйымдастырушылық және т.б. басқару жүйесінің автоматтандырылған қосалқы жүйесіне, кез келген деңгейдің қаржы жүйесін тиімді басқаруға мүмкіндік беретін есептеуіш және ұйымдастырушылық техникаларының, байланыс құралдарының әкімшілік, экономикалық, математикалық әдістерінің жиынтығы ретінде анықтауға болатын, қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ҚБАЖ) енеді. Қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесі бұрынырақта күшті есептеуіш машиналары бар есептеуіш орталықтарына қатысты болды. Қаржыны басқарудың қазіргі заманға автоматтандырылған жүйесі торапқа біріктірілген, автоматтандырылған жұмыс орындарын көрсетеді.


Кәсіпорынның есеп-қисап бөлімін және басқа да экономикалық қызметтерін компьютерлендіру электронды бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізуге мүмкіндік береді. ҚР Қазынашылығы мен жергілікті деңгейлерді басқарудың автоматтандырылған жүйелері бар. Қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесінің тапсырмаларының бірі көп нұсқалы болжау мен жоспарлау функцияларын орындау болып табылады. Экономикалық субъектілер арасындағы қаржы операцияларын интернет арқылы жүргізуге болады.

Қаржы аппаратының функцияларын автоматтандыру оны қысқартуға әкелмейді. Оның жұмысының сапасы жақсарады, өйткені қаржы көрсеткіштерінің дәлдік дәрежесі мен негізділігі артады.

Қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйесі келесі компоненттерден тұрады:

1. Қаржы департаментінің автоматтандырылған басқару жүйесі (ҚДАБЖ).
2. Қазынашылықтың автоматтандырылған басқару жүйесі (ҚАБЖ).
3. Салық қызметінің автоматтандырылған басқару жүйесі (СҚАБЖ).
4. Зейнетақы қорын басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ЗҚАБЖ).
5. Сақтандыру фирмасын басқарудың автоматтандырылған жүйесі (СФБАЖ).
6. Кеден қызметін басқарудың автоматтандырылған жүйесі (КҚБАЖ).
7. Банктерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ББАЖ).
8. Кәсіпорынды басқарудың автоматтандырылған жүйесі (КБАЖ).

Көрсетілген жүйелердің әр қайсысында өздерінің функционалды тапсырмалар кешені бар, олардың ішінде қаржы есептерінің тапсырмалары, қамсыздардырудың өз түрлері де бар. Олардың арасында Интернет арқылы ақпараттық мәліметтік ағын бар. Тез әрекет ететін компьютерлер нысанындағы қазіргі заманғы техникамен және тиімді бағдарламалық қамтамасыздықпен қамтамасыз етілуі қаржылық шешімдерді тез қабылдап және тез шешуге мүмкіндік береді. Қамтамасыз етудің барлық түрлері үздіксіз дамуда, жетілдірілуде; қаржы қызметі қызметкерлерінің біліктілік деңгейі, олардың еңбегінің өнімділігі мен қаржыны басқару сапасы көтеріледі.



Қаржы менеджменті кәсіпорындар қаржысын басқару жүйесі ретінде

Қаржы туралы ғылым XVIII ғасырдың ортасында камеральды ғылымдар құрамында, мемлекеттік шаруашылықты жүргізу бойынша әкімшілік және шаруашылық бөлімнің жиынтығы ретінде пайда болды. Ол кезде «қаржы» термині мемлекеттің ақша, ма-

териалдар немесе қызметтер түріндегі қаражаттары ретінде талқыланады. Қаржы ғылымын жүйелендіріп мазмұндау XVIII ғасырдың екінші жартысында басталды.

Қаржы менеджменті қаржы ғылымының жеке тармағы ретінде XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Г.Морковиц инвестициялық қоржынның қазіргі теориясын, Ф.Модильяни мен Миллер капитал теориясын құрды.

Осы және басқа да ғалымдар қаржының бірқатар принциптерге негізделетін, қазіргі заманғы неоклассикалық теориясын жасады. Ол принциптер:

- ірі корпорациялар жеке сектордың негізін құрайды, жеке сектордың экономикалық ахуалын анықтайды;
- мемлекеттің жеке сектор қызметіне араласуы ең төменгі деңгейде болуы керек;
- пайда мен капитал нарықтары қаржыландырудың негізгі көздері болып табылады;
- интеграция әртүрлі елдердің қаржылық жүйелерінің жиынтығы ретінде қалыптасуында сипатын тапты.

Осы принциптердің біріншісі елдің экономикалық жүйесінің негізгі элементі болып табылатын кәсіпорынға шаруашылық субъектісі ретінде көңіл бөледі. Егер де қаржы шаруашылық субъектілерінде ақшалай қаражаттарын құру процесінде пайда болған ақшалай қаражаттар жиынтығы және оларды ұдайы өндіріс мақсаттарына, әлеуметтік мұқтаждықтарды ынталандыру мен қанағаттандыруға пайдалану ретінде қарастырылса, қаржылық менеджмент - бұл кәсіпорындардың қаржыларын басқару жүйесі, яғни кәсіпорындарда қаржы ресурстарын тарту және пайдалану жөнінде пайда болған, кәсіпорын ішіндегі және контрагенттермен өзара қатынас жүйесі.

Қаржы менеджментінің тапсырмалары келесілер:

- кәсіпорынның жеңісті қызметі үшін қажетті қаржы ресурстарының көлемін анықтау;
- қаржыландырудың көздерін іздеу және осы көздердің оңтайлы құрылымын анықтау;
- кәсіпорынның төлем қабілетілігі мен өтімділігін қамтамасыз ететін қаржы ағынын басқаруды ұйымдастыру.

Бизнесті ұйымдастыру теориясында қаржыны жеңісті басқару белгілері болып төмендегілер есептеледі:

- бәсекелестермен күресте көшбасшылық;
- өндіріс көлемі мен өнімді өткізудің өсуі;
- пайданы ең жоғарғы көлемге жеткізу;
- тиімділіктің өсуі;
- шығыстарды ең төменгі деңгейге жеткізу;
- нарықтағы тұрақты үлес.

Қаржы менеджменті өз концепцияларына ие, олар:

- ақша ағыны;
- уақытша құн;
- капитал құны;
- нарықтың нәтижелілігі;
- тәуекел мен кірістілік арасындағы ымыра;
- ақпараттардың ассиметриясы;
- альтернативті шығындар;
- агенттік қатынастар;
- шаруашылық субъектісі қызметінің уақытты шексіздігі;
- шаруашылық субъектісінің мүліктік және құқықтық оқшаулылығы.

Ақша ағыны концепциясы барлық қаржы операцияларының ақша қозғалысы екендігін білдіреді, яғни ақшаның оң ағыны немесе теріс ағыны орын алады. Ақша ағыны нысаны ақшалай түсім, кіріс, шығыс, пайда, төлем және т.б. болуы мүмкін.

Уақытша құн концепциясы бүгін алынған ақша бірлігінің кейінірек алынған ақша бірлігіне тең еместігін сипаттайды. Бұл теңсіздік инфляциямен (ақшалай құнсызданады), айналымдылықпен (ақшаны айналымға салуға және қосымша кіріс алуға болады), күтілетін сапаны ала алмау тәуекелімен (әр кезде күтілген сапаны ала алмау мүмкіншілігі болады) анықталады.

Капитал құны концепциясы тәжірибеде қаржыландырудың тегін көздері болмайды және кәсіпорындарға әртүрлі көздері пайдалану бірдей емес (мысалы, банк несиесі үшін пайыз төлеу керек) дегенге сүйенеді.

Нәтижелі нарық концепциясы нарықтың ақпараттық толықтылығының белгілі деңгейі мен нарыққа қатысушылардың барлығы үшін ақпараттың қол жеткізілімділігінің қажеттілігін

ашады. Мысалы, бағалы қағаздар бойынша келісім көлемі ағымды бағалардың ішкі құнға дәл сәйкес болуына тәуелді болады. Егер де компанияның акцияларына бағаның төмендеуі туралы ақпарат пайда болса, онда соңынан баға ішкі құн деңгейіне дейін өседі. Бұл концепция бағалы қағаздар нарығында жетілген бәсекелестікті талап етеді.

Тәуекел мен кірістілік арасындағы ымыра концепциясы жоғарырақ кірісті алу жоғары тәуекелмен бірге жүреді деп дәлелдейді.

Ақпараттардың асимметриялық концепциясы нарықтың жекелеген қатысушылары басқалар қол жеткізе алмаған ақпаратты иеленуі мүмкіншілігінен көрінеді.

Альтернативті шығындар концепциясы бизнестегі кез келген шешімнің альтернативті кіріс әкелетін қайсібір альтернативті нұсқадан бас тартумен байланысты екендігімен ашылады. Мысалы, кәсіпорынды қорғауды ұйымдастыру шығындармен байланысты, бірақ қорғаудың болмауы одан көп шығындарға әкеледі.

Агенттік қатынастар концепциясы шешім қабылдау бойынша өкілеттілікті капитал иесінен қаржы менеджерлеріне табыстау сипатталады. Капитал иелері – инвесторлар, олар үшін компания – инвестициялық объект, олардың мақсаты – компания құнын ең жоғарғы деңгейге жеткізу. Оларда өз салымдарын жоғалту қаупі болады, өйткені шешімді олардың өзі емес, жалдамалы менеджерлер қабылдайды. Ол анықсыздық жағдайында әрекет етуге мәжбүр болады, сондықтан осындай шешімдер үнемі керекті нәтижеге әкелмеуі мүмкін. Сонымен қатар, менеджерлер меншік иелері мүддесіне емес жеке мүдделерінен шешім қабылдауды мүмкін, нәтижесінде мүдделер қақтығысы пайда болуы мүмкін. Осыған байланысты, қабылданған шарттар агенттік қатынастардың барлық қатысушыларының мүдделерін қарастыруы қажет. Шартта тәуекелдерді бөлу мен осы тәуекелдерге сәйкес кірістерді кепілді алу қарастырылу керек. Шешімдердің бір бөлігін меншік иелері қабылдай алады, онда қаржы менеджерінің рөлі төмендейді. Қаржылық шешім қабылдау кезінде қаржы менеджерлерін бақылау шығындарын есепке алу керек.

Шаруашылық субъектісінің қызметінің мерзімді шексіздігі концепциясының қаржы менеджменті үшін ғана емес, сонымен қатар бухгалтерлік есеп үшін де мәні зор. Ол компания тұрақты жұмыс істейді және ол жабылғалы жатқан жоқ, оның қызметі үздіксіз дегенді растайды.

Шаруашылық субъектісінің мүліктік және құқықтық оқшаулану концепциясының мәні компания құрғаннан кейін, оның мүлкі мен құқығының меншік иесінің мүлкі мен құқығынан бөлек әрекет ететіндігінде, сондықтан жарғылық капитал құрамынан мүліктің талап етілуі мүмкін емес, тек қана осы кәсіпорынның құрылтайшысы болу құқығы сатылады.

Қаржы менеджері капитал нарығында белгілі қаржы құралдарын пайдалана отырып қызмет етеді. Қаржы құралы – бұл екі контрагент арасындағы шарт, оның нәтижесінде бір контрагентте қаржы активі, ал келесінде қаржылық міндеттеме пайда болады.

Қаржы активтеріне ақшалай қаражаттар, басқа кәсіпорынның акциялары, келесі кәсіпорыннан қаражаттарды немесе басқалай активтерді алудың шартты құқығы; басқа басқа кәсіпорындармен потенциалды пайдалы жағдайда қаржылық құралдармен айырбас жасауға шартты құқық.

Қаржылық міндеттемелерге ақшалай қаражаттарды төлеу немесе басқалай қаражаттар активін беру бойынша шартты міндеттемелер жатады; потенциалды тиімсіз жағдайларда қаржы құралдарымен айырбастау.

Қаржы құралдары келесідей болып бөлінеді:

- бастапқы (заемдар, несиелер, облигациялар, кредиторлық және дебиторлық қарыз)
- екінші немесе туынды (қаржылық акциялар, фьючерстер, форвардты шарттар, пайыздық және валюталық своптар).

Туынды қаржы құралдары активке емес, оны белгілі жағдайларда болашақта сатып алуға құқық береді, мысалы, алдын-ала келісілген баға бойынша. Мұндай мәмілелер мерзімді және қатты (атқаруға міндетті) және шартты (опционды), яғни бір тарап осы шартты орындауға да, орындамауға да құқылы болады.

Қаржы құралдарының туындылығы екі белгімен сипатталады:

- туынды қаржы құралдарының негізінде базисті актив – тауар, акция, облигация, вексель, валюта жатыр;
- туынды қаржы құралдарының бағасы базисті актив бағасының негізінде анықталады.

Қаржы құралдарының негізгі тағайындалуы – хеджирлеу, яғни баға тәуекелдерін сақтандыру – баға өзгерісі тәуекелін бір тұлғадан келесісіне ауыстыру.

Хеджирлеудің негізгі әдістері: сақтандыру, форвардты және фьючерлік шарттар, опциондар мен своптар.

Өз қызметінде қаржы менеджменті қаржылық математика негіздерін қолданады:

- өсіру және дисконттау операцияларын;
- ссудалық пайыздардың қарапайым ставкаларын;
- қарапайым есеп ставкаларын;
- ссудалық пайыздардың күрделі ставкаларын;
- жыл ішіндегі пайыздық есептеулерді;
- жылдың бөлшекті санына пайызды есептеуді;
- пайызды үздіксіз есептеуді;
- тиімді пайыздық ставканы;
- күрделі есепті ставканы;
- әртүрлі типтегі пайыздық ставкалардың эквиваленттілігін;
- қаржылық шешім қабылдауға инфляция деңгейін есепке алу.

Қаржы менеджменті ақшалай ағынды бағалайды. Көп жағдайларда коммерциялық операциялар бір реттік төлемдерді емес, ақшалай түсімдердің үздіксіз бірізділігін білдіреді. Бұл кәсіпорынның кірістер мен шығыстар сериясы, қарыздарды төлеуі, қорларға аударулары, яғни ақша ағыны болуы мүмкін. Егер де уақыт қашықтығының саны шектеулі болса, ақша ағыны мерзімді деп, ал егер шексіз болса – өмір бақилық деп есептеледі. Әрбір кезеңнің басында ақшалай түсімдер болатын ақша ағыны пренумерандо, ал соңында болса – постнумерандо, тең интервалдағы ақша ағыны аннуитет деп аталады.

Ақша ағынын бағалау екі тапсырманы шешу шеңберінде орындалады, яғни тікелей және кері.

Тәжірибеде дисконттау әдісінің көмегімен шешілетін типті тапсырмалардың бірі – ссудалық капитал нарығында операцияларды жүргізудің мүмкін кірістілігі мен мақсаттылығы бағаланатын жағдайда тұтынуға қол жеткізімді қорларды болжамды талдау. Талдау уақытша бос қаражаттарды несиелерді беру немесе банкке қаражаттарды депоненттеу, сонымен қатар қаржы ресурстарын қажетті көлемде алу жолымен орналастыру мүмкіншілігінің болуын қарастыратын еркін тепе-теңдік нарық жағдайында жүргізіледі. Қарапайымдылық үшін несиені алу мен уақытша қаражаттарды орналастыру кезінде пайыздық ставка бірдей деп қарастырылады. Алғашқы мәліметтер болып талап етілген көлемде берілетін немесе алынатын несиелер бойынша кезеңдерге жоспарланған кірістерді алу мен пайыздық ставкаларды болжамды бағалау табылады. Тұтынуға қол жеткізілімді ресурстар көлемі қатынасында альтернативті әрекетті талдау қажет.

Айналым капиталын басқаруда ағымды активтер ағымды пассивтермен жиынтықта қарастырылады, оларды өзара салыстырады.

Ағымды пассивтер – бұл қысқа мерзімді несиелер және кредиторлық қарыз, яғни жыл бойына өтелуі керек міндеттемелер. Таза айналым капиталы (ТАК) ағымды активтер мен қысқа мерзімді міндеттемелер айырмасына тең:

$$\text{ТАК} = (A + D_k + Z) - (K_m + K_k),$$

Мұнда A – ақшалай қаражаттар;
 D_k – дебиторлық қарыз;
 Z – запастар;
 K_m – қысқа мерзімді несие;
 K_k – кредиторлық қарыз.

Көрсетілген тендеуде ағымды активтер қысқа мерзімді міндеттемелерді өтеудің көзі болып табылады.

Айналым капиталы тұрақты және ауыспалы болып бөлінеді. Тұрақты капитал – айналым қаражаттарының ағымды қызметті үздіксіз іске асыру үшін жеткілікті болатын ең төменгі деңгейі. Ауыспалыға маусымдық өндіріспен байланысты сақтандыру запасын жатқызады. Ағымды активтердің жеткіліксіздігі өндірістің

тоқтауына, ал артық көлемі – өндіріс тиімділігін жоғалтуға әкелуі мүмкін. Соңғы жағдайда қаражаттар қозғалыссыз тұрады және кіріс әкелмейді, сондықтан айналым капиталын басқару саясаты өтімділікті жоғалту тәуекелі мен жұмыстың тиімділігі арасындағы ымыраны қамтамасыз етуі қажет. Ағымды активтердегі өзгерістермен байланысты тәуекел сол жақты, ал ағымды пассивтердегі – оң жақты деп аталады.

Сол жақты тәуекелдің пайда болуының себептері төмендегіше:

Касса мен есеп айырысу шотындағы ақшаның жеткіліксіздігі. Кәсіпорын ағымды қызметін қарастырылмаған шығындар мен мүмкін күрделі салымдар жағдайында жүргізуі үшін, ақшалай қаражаттардың жеткілікті деңгейін иеленуі керек.

Меншікті несиелер мүмкіншіліктерінің жеткіліксіздігі. Егер де кәсіпорын тауарды несиелеуге сататын болса, онда бір жағынан кірістерді алу мүмкіншілігін көтереді және өтімділікті ұлғайтады. Екінші жағынан дебиторлық қарыз шегін көтеру өтімділікті жоғалту мен өндірісті тоқтауға әкелуі мүмкін.

Шикізатты, материалдарды, аяқталмаған өндіріс пен дайын өнімді қамтитын өндірістік запастардың жеткіліксіздігі.

Өтімсіз тауарлардың болуы және запасқа алу дағдысының салдарынан қаржыландыру шығындарын көтеретін, айналым активтерінің артық көлемі.

Оң жақты тәуекел үшін келесі белгілер тән:

Кредиторлық қарыздың жоғарғы деңгейі және ақшалай қаражаттардың жеткіліксіздігінен міндеттемелерді орындамау.

Заемдық қаражаттардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді көздері арасындағы ұтымсыз үйлесімділік. Кейбір жағдайларда ұзақ мерзімді көздер төменгі тәуекелді өтімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

Пайданың төмендеуіне әкелетін ұзақ мерзімді заемдық капиталдың жоғарғы үлесі, өйткені бұл көз салыстырмалы қымбат болады.

Айналым қаражаттарын басқару саясатының мәні ағымды активтердің жеткілікті деңгейі мен ұтымды құрылымын және ағымдағы активтерді қаржыландыру көздерінің шамасы мен құрылымын анықтауда.

Егер де кәсіпорын ағымды активтерді өсіруге ешқандай шектеулер қоймаса, ақша мен шикізаттың маңызды запасын иеленсе, дебиторлық қарыздарды ұлғайтса, активтердің жалпы сомасында ағымды активтердің үлес салмағы жоғары болса, ал олардың айналым күндерінің саны маңызды болса – бұл ағымды активтерді басқарудың **агрессияшыл саясатының** белгілері. Агрессивті саясат төлемге қабілетсіздік тәуекелін төмендетеді, бірақ активтердің жоғарғы тиімділігін қамтамасыз етпейді.

Егер де кәсіпорын ағымды активтердің өсуін тежесе, оларды ең төменгі деңгейге жеткізсе, активтердің жалпы сомасындағы ағымды активтердің үлес салмағы төмен болса, ал айналыс кезеңі аз болса – бұл ағымды активтерді басқарудың **консервативті саясатының** белгілері. Консервативті саясат жоғарғы тиімділікті қамтамасыз етеді, бірақ төлемге қабілетсіздіктің жоғарғы тәуекеліне ие.

Көп жағдайларды кәсіпорындар төлемге қабілеттілікке және тиімділікке, айналыс капиталының жеткілікті айналысына ие болуы үшін ымыраның **бір қалыпты саясатын** жүргізуге тырысады.

Ағымды активтерді басқарудың агрессияшыл саясатының белгілері болып барлық пассивтердің жалпы сомасында қысқа мерзімді несиелердің абсолютты артықшылығы табылады. Сонымен қатар тұрақты шығындар несиелер үшін пайыздар есебінен ұлғаяды, бірақ ұзақ мерзімді несиелерді пайдаланғанға қарағанда аз дәрежеде болады.

Ағымды активтерді басқарудың консервативті саясатының белгілері болып кәсіпорындардың пассивтерінің жалпы сомасындағы қысқа мерзімді несиелердің үлес салмағының болмауы немесе өте төмен болуы саналады. Бұл жағдайда активтердің барлығы негізінен меншікті капитал мен ұзақ мерзімді несиелер есебінен қаржыландырылады.

Ағымдағы активтерді басқарудың бір қалыпты саясатының белгілеріне кәсіпорындардың пассивтерінің жалпы сомасындағы қысқа мерзімді несиелердің орташа деңгейі жатады.

Қаржы менеджменті үшін айналыстан алынған қаражат ретіндегі запастар маңызды құрама болып табылады. Өндірістік запастардың ұтымды мөлшерін қалыптастыру, олар-

ды кездейсоқтықтан сақтандыру мен өндірістік процесстің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында, жеткілікті запастарды бір қалыпты жеткізу немесе құру есебінен ең төменгі деңгейге жеткізумен байланысты. Сатып алу және жеткізу, сақтау шығындары төмендетіледі. Сатып алынатын партия көп болған сайын, оның бағасы төмен және тауарды сирек әкелу керек болады, бірақ сақтау, қойма ғимараттарына кететін шығындар ұлғаяды, сатып алынатын партия аз болған сайын оны сатып алу және жеткізу шығындары жоғары болады. Шығын түрлері бойынша ымыра қажет. Бұл тапсырма жалпы шығындар тапсырыс көлемінен функция болатын графикалық әдіс көмегімен шешіле алады. Тапсырыстың оңтайлы көлемі шығындардың ең төменгі нүктесінде анықталады.

Кәсіпорынның шаруашылық қызметі процесінде өнімді төлемсіз тиейді, яғни сатып алушыны несиелейді. Сатып алушы шарттары бойынша алынуы тиіс ақшалай қаражаттар дебиторлық қарыз түрінде жансыздандырылған, оның көлеміне әртүрлі факторлар әсер етеді: өнім түрі, келісімшарт жағдайы, есеп айырысу жүйесі және т.б.

Қаржы менеджерлері келесі сұрақтарды тұрақты түрде шешіп отырулары қажет:

- несиені беру мерзімін бекіту;
- сатып алушының келісім шартта көрсетілуі тиіс қаржылық ахуалын бағалау критерилерін жасау;
- күмәнді қарыздар бойынша резервтердің әдістері мен мөлшерін анықтау;
- дебиторлардың қарыздарды жинау жүйесін құру;
- әкелінген тауар немесе қызметке дер кезінде немесе алдынала төлегені үшін жеңілдіктер жүйесін құру.

Қаржы менеджері дебиторлық қарызға бақылауды, оны құру мерзімі бойынша саралай, оның айналыс кезеңін есептей, дебиторлық қарыз айналысы кезеңінен аз болуына жеткізе отырып, іске асыруы керек.

Ақшалай қаражаттарды басқаруда төрт элементті ерекшелейді: қаржы циклын есептеу, ақша қозғалысын талдау, ақша ағынын болжау, ақшалай қаражаттардың оңтайлы деңгейін анықтау.

Айналым қаражаттарының айналыс кезеңі запастар мен дебиторлық қарыздардың айналым кезеңінен кредиторлық қарыздың айналыс кезеңін алып тастағанға тең.

Ақшалай қаражаттар қозғалысын басқаруда қаржы менеджерлері кәсіпорында есепті кезеңде орын алған ақша ағынының шамасы мен осы кезеңде алынған пайда арасында айырмашылық болатындығын есепке алады.

Қаржы менеджменті теориясында ақшалай ағынды қадағалауды жеңілдету үшін қызметтің үш түрін ерекшелейді:

Ағымды негізгі операциялық қызметті өткізуден түскен түсімді алу, жабдықтаушылардың шарттары бойынша төлеу, қысқа мерзімді несиелер мен заемдарды алу, жалақы төлеу, бюджетпен есеп айырысу, банкке пайыз төлеу.

Инвестициялық қызметті – негізгі қорлар мен материалдық емес активтерді сатып алумен немесе өткізумен байланысты ақша қозғалысы.

Қаржылық қызметті – қысқа мерзімді несиелер мен заемдарды алу, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық салымдар, бұрын алынған несиелер бойынша қарызды өтеу, дивиденттер төлеу, дивиденттер алу.

Ақша қозғалысын талдау екі әдіспен жүргізіледі: ақшалай қаражаттардың құйылуы мен қайтуы есептелетін, яғни бастапқы элемент болып өткізуден түскен түсім есептелетін тікелей және операцияларды белгілейтін және таза пайданы түзететін, яғни бастапқы элемент болып пайда саналатын жанама әдістер.

Тікелей әдіс ақша қозғалысын кәсіпорынның өтімділігі туралы, оның шоттарындағы ақша қозғалысын бөлшекті көрсете отырып пікір айтуға мүмкіндік береді, бірақ алынған қаржы нәтижесі мен ақшалай қаражаттар өзгерісінің өзара байланысын ашпайды. Жанама тәсіл кезең аралығында пайда мен ақшалай қаражаттардың қысқаруы арасындағы айырмашылық себебін түсіндереді.

Өндірістік қызмет барысында кірістер мен шығыстардың бір бөлігі ақшалай қаражаттар шамасына тимейді, оларды таза пайда шамасына өзгертеді. Мысалы негізгі қорлар мен басқалай айналымнан тыс активтердің есептен шығару олардың қалдық құны мөлшеріндегі шығын алуымен байланысты, ол пайда есебінен

есептеп шығарылады; ақшалай қаражаттар өзгермейді, сондықтан амортизацияланбаған құн таза пайдаға қосылуы керек. Амортизацияны есептеу де емортизацияны есептеу мен өнімді есептеу тәсілі бойынша тиеу кезінде кірісті есепке алу да ақшаның жылыстауын шақырмайды.

Біздің көзқарасымыз бойынша, кәсіпорындардың қарыз қаражаттары (несие келісім шарттары бойынша) бойынша өзара қатынасын, кез келген несиені алуын, олар бойынша қарыздарды қайтаруын және пайызды төлеуін толығымен қаржылық қатынасқа жатқызу керек, өйткені өзара қатынас бір көзден ресурстарды алады (банктердің несиелері массасы) және осы ақшалай қаражаттарды пайдалануға төлемді сипаттайды. Басқалай жағдайда барлық мамандар теориялық шатасуға ұшырайды.

Нарықтық экономика жағдайында қаржы менеджерлерінің өзекті тапсырмалары болып ақшалай ағын көлемін тоқсанға, айға бөліп болжау, таза ақшалай ағынды есептеу, кезеңдер кесіндісіндегі қысқа мерзімді қаржыландыруға деген жиынтық қажеттілікті анықтау табылады.

Ақшалай қаражаттардың ұжымдық қалдығын анықтау – қаржы менеджментінің негізгі тапсырмасының бірі.

Кәсіпорын өзінің қызметіне материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын пайдаланады. Олар қайсыбір тұлғаның меншігінде болады. Оларды өндіріс процесіне ендіру шығындармен байланысты. Олар ресурстардың меншік иелеріне жалақы, пайыз, дивиденд және т.б. төлеуге әкеледі. Капитал нарығында тартылған қаржы ресурстарының белгілі көлемін пайдалану үшін төленуге тиісті қаржы ресурстарының осы көлемге пайыздық қатынаста сипатталған қаражаттардың жалпы сомасы капитал құны деп аталады.

Капитал құны, жылдық % = капитал иесіне жылдық төлем / осы иеден компанияға таратылған капитал. (2)

Капитал құнының шамасы капитал иесі талап ететін кірістілік бойынша анықталады және активтердің жұмыс жасауларының тәуекелділігі мен олардың қайтарым алуларына тәуелді болады.

Осы қызметтің тәуекелі жоғары болған сайын капитал иелері үлкен кірістілікті талап етеді және кәсіпорын үшін капитал қымбатырақ болады. Капиталдың әртүрлі элементтерінің құны әртүрлі болғандықтан меншікті капиталдың кірістілігін көтеруге мүмкіндік беретін қаржы көздерінің ұтымды құрылымын таңдау тапсырмасы өзекті болады.

Қаржы көздерінің құрылымы деп әртүрлі қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді көздер арасындағы қатынас, пассивтердің жалпы шамасындағы үлес түсініледі. Капитал құрылымы – бұл тек қана қаржыландарудың ұзақ мерзімді көздері, меншікті капитал және ұзақ мерзімді несиелер арасындағы байланыс.


Кез келеген кәсіпорынның қызметі тәуекелмен, оның ішінде өндірістік және қаржылық тәуекелмен байланысты. Өндірістік тәуекел бизнестің салалық ерекшеліктеріне, яғни фирма капитал салатын активтер құрамына, ал қаржылық тәуекел қызметті қаржыландару көздерінің құрылымына шарттасылған.

Қаржылық басқару позициясында таза пайда кәсіпорындар иелігіндегі қаржы ресурстарын ұтымды пайдалануына және қаражат көздерінің құрылымына тәуелді болады.

Қаржыны басқаруда өндірістік және қаржылық тетіктер пайдаланады. Өндірістік тетік жалпы сапа құрамында тұрақты және ауыспалы шығындардың арасындағы байланыспен, өткізуден түскен түсім, олардың операциялық және таза пайда шамасына әсеріне сандай сипатталады. Өндірістік тетіктің жоғарғы деңгейі өндіріс көлеміндегі маңызсыз өзгерістердің пайданы маңызды төмендетуге әкелетіндігін білдіреді.

Кәсіпорындардың шығындарын өндіріс көлемі қатынасы бойынша тұрақты және ауыспалы деп бөлінеді. Тұрақты шығындар өндіріс көлеміне тәуелді емес (арендалық төлем және т.б.), жартылай ауыспалы шығындар өндіріс көлемі болмашы өзгерген кезде тұрақты болып қалады, ал қайсыбір деңгейден секірмелілігі артқан кезде өседі (көлік шығындары, басқару персоналының жалақысы, жарнама және т.б.). Ауыспалы шығындар өндіріс көлеміне тікелей пропорционалды түрде өзгереді (шикізат пен материалдар, өндірістік жұмысшылардың жалақысы және т.б.). Тұрақты және жартылай ауыспалы шығындар шартты – тұрақты шығындар тобына бірігеді (3-сурет).

Кірістер, шығыстар



3-сурет. Сатудың сыни көлемін есептеу графигі.

Өткізуден түскен түсімнің өндіріс көлеміне (өнімге баға тұрақты болғанда) сызықты тәуелділігі болжамында операциялық тетік моделін графикалық сипаттау Q^* (операциялық шығынсыздық көлемі, сатудың сыни көлемі) өндірістің бірқатар шекті көлемінен асқанда оң операциялық пайда облысын ерекшелеуге мүмкіндік береді. Қарыз капиталы үшін пайыз төлеу кезінде оң операциялық пайда теріс болуы, ал кәсіпорын шығынды болуы мүмкін:

$$Q = \frac{\text{Тұрақты шығындар}}{\text{Баға} - \text{өнім бірлігіне ауыспалы шығындар}}$$

Бөлігінде үлесті маржиналды пайда көрсетілген, сатудың сыни көлемінің экономикалық мәні шартты-тұрақты шығындар сомасына тең болатын маржиналды пайданы алуды қамтамасыз ететін өткізілетін өнім бірлігінің санын көрсетеді.

Өндірістік тетіктің үш негізгі шаралары бар:

- тұрақты өндірістік шығындардың жалпы сомасындағы үлесі;
- таза пайданың тұрақты өндірістік шығындарға (егер де тұрақты шығындар үлкен болса, онда компания өндірістік тетіктің жоғарғы деңгейіне және өндірістік тәуекелдің жоғарғы деңгейіне ие болады) қатынасы;

- пайыз бен салықтарды шегергенге дейінгі пайданың өзгеру қарқынының натуралды бірлікте өткізу көлемінің өзгеру қарқынына қатынасы.

Операциялық тетіктің экономикалық мәні пайыз бен салықты шегергенге дейінгі пайданың натуралды бірлікте өткізу көлемінің өзгерісіне сезімталдылығын білдіреді.

Қарыз қаражаттарын белгілі жағдайларда тарту салынған меншікті қаражаттардың қайтарымдылығын ұлғайтуға мүмкіндік береді, яғни меншікті капиталдың кірістілігінің активтер кірістілігінен артуын қамтамасыз етеді.

Еуропалық тәсілде қаржы тетігі деп қарыз және меншікті капитал байланысы түсініледі. Қарыз қаражаттарына төлем міндетті болғандықтан, қосымша тартылған қарыз капиталы қаржылық тетік деңгейінің көтерілуімен сипатталады, яғни қаржы тәуекелінің көтерілуі мен акционерлер талап ететін пайда нормасының көтерілуімен. Егер де қарыз капиталының құны активтерден күтілетін кірістен төмен болса, онда оны тартудың мәні бар.

Американдық тәсілде қаржы тетігі деп таза пайданың өзгеру қарқынының пайыз бен салықтарды алып тастағанға дейінгі пайда өзгерісінің қарқынына (жалпы пайда) қатынасы түсініледі.

Экономикалық тиімділік меншікті капиталдың қаржы тетігі мен пайдаға салынатын салық болмағандағы кірістілігімен сәйкес келеді. Пайдаға салық салу меншікті капиталдың экономикалық тиімділікпен салыстырғандағы кірістілігінің төмендеуіне әкеледі.

Кірістіліктің төмендеуі қаржы тетігінің ұлғаюымен толықтырылуы мүмкін, ол меншікті капиталдың кірістілігін көтеруге мүмкіндік береді.

Операциялық және қаржылық тетік өндірістік-қаржылық тетікті қамтиды. Ол қаржылық және операциялық тетіктер эффектісінің туындысы ретінде есептеледі және өндіріс көлемі 1%-ға өзгергенде таза пайданың қанша пайызға өзгеретінін көрсетеді.

Қаржы менеджерлері капиталды ең төменгі шығынмен келесі көздерден қалыптастырулары керек, олар: банктік ссудалар мен заемдар, облигациялық заемдар, артықшылықты акциялар, қарапайым акциялар, бөлінбеген пайда.

Капитал құны (WACC) келесі формула арқылы есептеледі:

$$WACC = \sum (K_i * D_i);$$

Мұндағы K_i – қаражат көзінің құны;
 D_i – жалпы сомадағы қаражаттар көздерінің үлес салмағы.

Жоғарыда аталғандарды қорытындылай келе, қаржылық менеджменттің негізгі функцияларын анықтайық:

- кәсіпорындардың корпорациялық тәуекелдерін басқару;
- кәсіпорындардың айналымнан тыс активтерін басқару;
- кәсіпорындардың ағымды шығындарын басқару;
- кәсіпорындардың меншікті капиталын басқару;
- дивидендтік саясатты басқару;
- кәсіпорындардың қарыз капиталын басқару;
- инвестициялық жобаларды талдау;
- ақшалай ағынды болжау;
- күрделі салымдар бюджетін оңтайландыру;
- бюджеттеу;
- ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлау;
- айналым капиталын басқару;
- ұзақ мерзімді міндеттемелерді басқару;
- қысқа мерзімді міндеттемелерді басқару;
- ақшалай қаражаттарды басқару;
- дебиторлық қарызды басқару;
- запастарды басқару;
- кредиторлық қарыздарды басқару;
- қайта ұйымдастыруды (бірігу, сатып алу, бөлшектеу, банкроттық және жою) іске асыру;
- трансұлттық мақсаттағы халықаралық мәселелерді шешу.

Қаржы менеджментінің қазіргі кезеңде қаржы ғылымы жіктемесінен жеке қаржы пәніне бөлінгендігін атап өту қажет.



Бақылау сұрақтары:

1. Қаржыны басқарудың мәні неде екендегін анықтаңыздар.
2. Қаржыны басқарудың қажеттілігін негізденіңдер.
3. Қаржыны басқару әдістері мен тәсілдерін атаңыздар.
4. Қаржыны басқару органдары мен олардың басқарудың әртүрлі деңгейіндегі мәртебесін атаңыздар.
5. Қаржыны басқарудағы заң шығарушы билік органдарының функцияларын атаңыз.
6. Қаржыны басқаруда Қаржы министрлігі қандай функцияларды жүзеге асырады?
7. Қаржыны басқаруда Мемлекеттік кірістер министрлігі қандай функцияларды жүзеге асырады?
8. Қаржыны басқаруда Кеден министрлігі қандай функцияларды жүзеге асырады?
9. Кәсіпорынның қаржы менеджментінің функцияларын атаңыздар.
10. Қаржыны басқарудың автоматтандырылған жүйелерін атаңыздар және олармен қамтамасыз ету түрлерін атаңыздар.